

Тохтаунова Гульстан Ахметовна

«Алматы облысы білім басқармасының Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Еңбекші орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен»

КММ Болашақ шағын орталығы, тәрбиеші

Қазақстан Республикасы, Алматы облысы

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ойын түрлері

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқуға ойын арқылы әкелу керектігі бұрыннан дәлелденген. Бұл мектеп жасына дейінгі балалар үшін ойын іс-әрекеттің жетекші түрі болып табылатынын ұғындырады: ондағы баланың психикасы анығырақ және жіті білінеді, қалыптасады және дамиды. Сірә, балалардың ойынға деген қызығушылығы тек оқуға деген қызығушылыққа ғана емес, сонымен қатар оқып біліп отырған нәрсеге, яғни материалдың мазмұнына да өтеді. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, қазіргі кезде дидактикалық ойын мүмкіндіктері толық көлемде қолданылмайды.

Жас ұрпақты еңбекке тәрбиелеу – маңызды педагогикалық процесс. Өйткені, болашақ қоғам азаматтары өздерінің адамгершілік қасиеттерін, абыройын, өмірден алатын орнын тек қана еңбек арқылы ғана ақтай алады. Еңбекке баулуда бала күнделікті өмірге қажетті дағдылар мен ептіліктерді меңгеріп қана қоймай, еңбек баланың ақыл-ойының дамуына әсер ететіндей, бастаған ісін соңына дейін аяқтауына, оның әсем де әдемі болуына назар аударту көзделеді. Еңбекке тәрбиелеудің негізгі мақсаты – еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, оның нәтижесіне қуана білуге, балалардың күшін толықтыруға және денсаулығының нығаюына жәрдемдеседі, дене қозғалысының үйлесімді, сергек болуына ықпал ету.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін ойынның айрықша маңызы бар, «ойын олар үшін оқу, еңбек және тәрбиенің нақты формасы» екені белгілі. Ойын мектеп жасына дейінгі балалар үшін қоршаған ортаны танып білу формасы. Ойынның әлеуметтік сипаты белгілі бір қоғамда өмір сүретіндігіне байланысты және ойын қарым-қатынас құралы.

Баланың ойынына нендей нәрсе түрткі болады, соны ашып алау қажет. Өткен ғасырдағы кейбір оқымысты ғалымдардың айтуынша Шиллер «Бала қозғалмай, әр нәрсемен айналыспай көп отырса, соның салдарынан жұмсалмай қалған қуат жиналады да соны жұмсау қажеттілігі баланы ойнауға итермелейді». Бірақ бұл пікірге көптеген психологтар қарсы болған. Тек жұмсалмай қалған қуат күші жиналған балаларға ғана емес, кейбір шаршап отырған балалар да ойнайсың ба сұрағанда ойнаймын деп жауап береді. Соны есепке алып Австрия психологы К.Бюллер жұмсалмай қалған қуат теориясы баланың не себепті ойнайтынын дәлелдей алмайды деп ойынның себебін рахаттанумен байланыстырады. Себебі бала ойыны сол кезде мәз болып рахаттануымен ұштастырылмаса, екінші рет ойнағысы келмес еді.

Бірақ ұзақ тарихи дамуда баланың ойыны үлкендердің ісін үйренуге арналған. Ерте кезде ойын баланың негізгі әрекеті болып есептелмеді, жұмыстан қолы босаған кезде ғана бала ойнайтын болды. Ойын кезінде түгелдей үлкендерден көргенін, олардың өзара қарым-қатынастарын және басқа әрекеттерін бейнелейді және неғұрлым белсенді әрекет етуге мүмкіндігі болса, соғұрлым ойын қызықты болады. Осындай жағдайда бала үлкендердің еңбегін қайталау үшін ойыншықты сол зат етіп пайдаланады. Ойын ережесінің негізгі мақсаты – балалардың іс-әрекеттерін, тәртіптерін ұйымдастыру. Ереже рұқсат беруі, тыйым салуы, балаларға ойындағы бір нәрсені сипаттауы, ойынды қызықты, күрделі етуі мүмкін. Ойындағы ережелерді сақтау балалардан ерік-жігерді, құрдастарымен тілдесе білу, теріс нәтижеден пайда болатын жағымсыз эмоцияларды жеңу дағдыларын талап етеді. Ойын ережесін белгілей отырып, балаларды олар тапсырмаларды орындаудан қуанатын жағдайларға қою өте маңызды. Дидактикалық ойынды тәрбие-білім беру үдерісінде пайдаланар болсақ, балаларда оның әрекеттері мен ережесі арқылы түзу болу, мейірімділік, ұстамдылық қалыптасады. Дидактикалық ойын ойын жаттығуларына қарағанда, онда ойын ережелерін орындау ойынның ойы жүзеге асырылатын ойындық әрекеттермен

бағытталады, бақыланады. Бір ойында бірнәрсені табу, екіншісінде – белгілі бір іс-әрекеттерді орындау, үшіншісінде – заттармен алмасу және т. с. с. керек. Әрқашан ойын қызметтерінде, яғни әр бала үшін ойында жеке табысқа жетудің және оның қалған қатысушылармен эмоциялық байланыс маңызды талап болып табылатын оқыту міндеті кіреді. Оқыту міндетінің шешімі баладан саналық және еріктік күш-жігерді қажет етеді де, көбірек рахатты сыйлайды. Қорытындылай келе, ойындар балалардың таным белсендігін жандандыратын, өздігінен ойлауын дамытатын тәсілдердің бірі. Олар кез - келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, балалардың көңіл - күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарына қанағаттануға және өтілген тақырыпты жеңіл меңгеруге көмектеседі. Тақырыпты ашу барысында ойын арқылы дамытуға арналған тапсырмалар жүйелі қолданылып, ұйымдастырылып отырса сонда ғана тәрбиешінің тақырып мақсатын ашуына мүмкіндік береді.

Дидактикалық ойындар: сөздікті толықтырады және белсендіреді, дыбысты дұрыс айтуды қалыптастырады, байланыстырып сөйлеуді дамытады, өз ойын дұрыс айта білуді, балалар тілін дамытады. Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастырады. Дидактикалық ойындар балаалрдың таным белсендігін жандандыратын, өздігінен ойлауын дамытатын тәсілдердің бірі. Олар кез-келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, балалардың көңілді күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарына қанағаттануға және білім үрдісін жеңіл меңгеруге көмектеседі.

Мемлекетіміздің ілгерілеу саясатының басты бағыттарының бірі – жас ұрпаққа білім беруді әлемдік деңгейге жеткізу болып отыр. Қазіргі қоғам талабына сай баланың ой-өрісін дамыту, біліктері мен шеберліктерін қалыптастырып, үштілді меңгерген тұлға дайындау біздің міндетіміз.